

# Дипломдық жобаның тақырыбы:

**Бақанас орман және жануарлар  
дүниесін қорғау жөніндегі  
мемлекеттік мекемесінде ондатрдың  
(*ondator a zibeticus*) таралу ареалы  
және оның санына әсер ететін  
факторлар**

**Жетекшісі: Т.Н. Кыдыров**

# Бақанас орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің кеңсесі



## МЕКЕМЕГЕ СИПАТТАМА

Жабайы табиғатты қорғау дегеніміз су, топырақ, өсімдіктер және жауарлар әлемін тағыда басқа оның компоненттерін тиімді пайдалану үшін бағытталған іс – шаралардың жиынтығы. Алматы облысы, Балқаш ауданы, Бақанас орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесіне жалпы 1 558 997 га. жер көлеміндегі табиғаттың сарқылмас байлығы тиесілі.

Табиғатты қорғау мемлекеттік мекеме инспекторлары –Балқаш аудан орталығы мен елді мекендердің көшелері мен бау – бақшаларын көгалдандыру кезінде алма, қарағаш, тал, өрік және тағыда басқа көптеген ағаш түрлерін еккен. Біздің ормандарда торанғы, жиделі, жынғыл, сексеуіл және басқада ағаштардың түрлері өседі. Негізінен құмды далалы аймақтарда жынғыл, сексеуіл, шенгел өседі. Ауданымыздың орман – тоғайларын қорғап, оның ресурстарын тиімді пайдалануда орман шаруашылық мекемесінің алатын орны ерекше екендігін ескереді.

# БАҚАНАС ОШММ ЖЕР КӨЛЕМІ

## БАҚАНАС ОРМАН ШАРУАШЫЛЫҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ КАРТАСЫ

МАСШТАБ 1:800000

ЖЕР КӨЛЕМІ -1558997 га

- 1** Қарой орманшылығы, орманшы С. Мұсырпанов  
10 айналым, 10 орманшы-қорықшы, жер көлемі 754580га
- 2** Бақанас орманшылығы, орманшы Т. Қалдыбеков  
18 айналым, 18 орманшы-қорықшы, жер көлемі 305417 га
- 3** Ақкөл орманшылығы, орманшы Д. Арыстанбаев  
8 айналым, 8 орманшы-қорықшы, жер көлемі 92278 га
- 4** Көктал орманшылығы, орманшы Е. Бекбосын  
12 айналым, 12 орманшы-қорықшы, жер көлемі 406722 га

ЭКСПЛИКАЦИЯ		
Шифр	Лесничество	Площадь га
1	Каройское	920642
2	Бақанасское	606556
3	Аккольское	47190
итого		1514388

## Зерттеу деректері және әдістері

Менің зерттеу нысанам жартылай суда жартылай құрғақта мекендейтін кеміргіш ондатра болды.

Жұмыс «Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының «Бақанас орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінде» жүргізілді.

Ондатрдың мекен ету ортасына байланысты, ондатрларды санау үшін әр түрлі тәсілдер қолданылады: жер бетінде және су жағасындағы індерін санау; ал зерттелетін аумақтан алғашқы деректерді алу тәсіліне байланысты, санақтар түгелімен және таңдауымен деп бөлінеді. Түгелімен санағанда, тілімде зерттегенде кездескен жануарлардың бәрін немесе олардың тіршілік іздерінің белгісін есепке алады. Таңдау мен есепке алу кезінде аумақтың тек бір бөлігі зерттелінеді, алынған деректерді аумақтың барлық көлеміне көбейтеді.

**Бақанас орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінде ондатрдың таралу аймағын зерттеу үстінде**



# Ондатрдың биологиялық ерекшелігі

## ОНДАТР ТУЫСЫ – ONDATRA LINK, 1795

Ондатрлардың отаны – Солтүстік Америка, онда тундраның оңтүстік шекарасынан Американың оңтүстігіне дейін (Луизиана) мекендейді.

Еуропаға бірінші рет 1905 жылы жерсіндірілген.

Қазақстанға ондатрлар 1934 жылы жерсіндірілді.

## Ондатра - *Onatra zibethicus* Linnaeus, 1776 [25]

Ондатр – жартылай суда өмір сүруге бейімделген тоқалтіс тұқымдастарының ірі өкілі.

Ондатр кұрлықта ебедейсіз.

Дене кұрылысы суда жүзуге бейімделген.

Дене тұрқы 28-36 см.

Кұйрығының ұзындығы 22-28 см.


Салмағы 1100-1500 г.

Білек тәрізденіп, қысқа және жуан болып келген мойын біртіндеп денеге ауысады.

Еріндері күрек тістерінің артынан жұмылып, оған су астында өсімдіктерді қиюға және оны жүзген кезде алып жүруіне мүмкіндік береді.

Алдыңғы аяқтары онша үлкен емес; тырнақтарының өткір болуы ін қазуына көмектеседі. Саусақтарының арасында жүзу жарғақтары жоқ. Жүзген кезде көп көмек беретін артқы аяғы өте үлкен, саусақтарының арасында жүзу жарғақтары бар

# Ондатра



Ондатра: 1- құйрығы, 2- суда жүзуі, 3- ін аузы, 4- қоректену іні (хатка), 5- су асты жүру жолы, 6- алдыңғы және артқа алақандары, 7- баласын тасу көрінісі



# Іле өзенінің жайылмасындағы ондатр



# Шарын өзенінің Іле құятын жері



# Ағаш көліндегі ондатр



# Ондатрдың қоректенуі

Ондатр – қорек талғамайтын аң. Негізгі азықтары – су өсімдіктері. Әсіресе, камыс, құрақ, қоға, шалаң, сары тұңғиық, лалагүл, ақ айрауық сияқты өсімдіктерді ұнатып жейді.

Жалпы алғанда, республика өзен-көлінде бұл аң өсімдіктердің отызға жуық түрімен қоректенеді.

Азығын үнемі апарып жейтін орны – «қоректену алаңы» болады.

Ондатра жартылай суда өмір сүреді, өзендермен көлдердің су тоғандардың жағалауларында әсіресе батпақты жерлерде өмір сүреді. тереңдігі 1-2 метр , иреленген жағалауы бар қалың өсімдікті жерлерді тандайды.

Олар тәулік бойы белсенді, әсіресе таң атар және кеш батар уақыттарда. Олар жағалаудағы өсімдіктермен қоректенеді. Көктемде ондатра өсімдіктердің жапырақтары мен өзектерін жейді, жаз және күз мезгілдерінде сабақтармен тамырлармен қоректенеді, ал қыс мезгілінде тек өсімдік тамырларымен қоректенеді. Сол сияқты ауыл шаруашылық мәдени өсімдіктермен де қоректенеді. Қорек аз мезгілде малюскалармен, бақалармен тіпті ұсақ балықтармен де қоректенеді. Жоғарыда айтылғандай қоректенуі жыл мезгіліне қарай ауысады. Көктемде негізгі қорегі қияңөлең, қырықбұын, камыс және тағыда басқа өсімдіктердің сабақтары кейде жылауық талдың қабықтары. Жаз бен күз мезгілдерінде шөптесін өсімдіктердің барлық түрлерімен қоректенеді. Қыс мезгілінде қорегіне тамырлар, күзгі өркендер және ұсақ жануарлар кіреді

# Ондатрдың азық алаңы



# Ондатраның қоректенуі



## МЕКМЕДЕГІ ОНДАТРА ҚОРЫ

Жылдар	Ондатр саны
2013	11802
2014	11889
2015	11898
2016	11897
2017	12002
Бес жылда	59488
Орташа бір жылда	11897

# Аң түрлері және аулау мерзімдері

Аңның түрлері	Аң аулау мерзімдері
Елік	1 қыркүйектен 31 желтоқсанға дейін
Қабан	15 тамыздан 31 желтоқсанға дейін
Борсық	1 қыркүйектен ұйқыға кеткенге дейін
Ондатр	1 қазаннан 31 желтоқсанға дейін
Түлкі,құм қояны	1 қарашадан 15 ақпанға дейін
Қырғауыл	1 қарашадан 15 желтоқсанға дейін
Қаз, үйрек	20 тамыздан 20 желтоқсанға дейін



# Қ О Р Ы Т Ы Н Д Ы

Алматы облысы, Балқаш ауданы, Бақанас орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесінің өңірі алты аумақтан тұрады: сулы, шабындық, орманды аумағы; далалы аумақ; тау етегі, шөлді – далалы аумақ; шөлді аумақ.

Бақанас өңірінде Орташа есеппен әр жылы Мемлекеттік мекеме аумағында 11897 бас ондатр есепке алынған. Жалпы соңғы бес жылда мекеме аумағында 59488 ондатр есепке алынған .

Бақанас өңірінде 428 жабайы жануар тіркелген, оның жетпіс алтысы сүтқоректілер, үш жүз жиырма сегізі құстар, он сегізі қосмекенділер, алтауы бауырмен жорғалаушылар.

Бақанас орман шаруашылығы мемлекеттік мекеме территориясының сулы батпақты алқаптарында ондатралар көптеп тіршілік етуіне жағдай жасау үшін төмендегі мәселелерді алға қойған жөн деп ойлаймын.

1. Қасақылық жолмен аулауға жол бермеу, яғни қасақылыққа қарсы күресті күшейту. Қасақылық жолмен ондатраның басым көпшілігі қырылады және қасақылық жолмен аулауда жас құрамына мүлде назар аударылмайды

2. Ондатара мекен ететін су жағалауларына ерекше назар аударып, өзен, көл жағалауларындағы қамыс, қоғаларды өрттен сақтау. Қамыс, қоғалардың өртеніп кету салдарынан ондатраның қорегі азайып, жауларынан жасырынатын жерлері болмайды.

3. Қыс мезгілінде су деңгейін қадағалап отыру, су деңгейінің төмендеп кетпеуіне жол бермеу. Бұндай жағдайларда ондатра үйшігінің аузу жабылып өлім-жетімге ұшырайды.

4. Аудан орталығына өкімет тарапына асыл терілі аң терісін қабылдайтын зауот салып, елімізге бір шама пайда әкелу.

Назар аударып  
тыңдағандарыңызға  
рахмет !!!